

**1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 12 ақпандағы № 52 қаулысы

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 31 мамырда Ашғабадта жасалған хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 12 ақпандағы  
№ 52 қаулысымен  
бекітілген

**1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қатысушы мемлекеттердің үкіметтері Келісімнің 10-бабына сәйкес

төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Кіріспенің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "1993 жылғы 24 қыркүйектегі Экономикалық одақ құру туралы шарттың, 1995 жылғы 10 ақпандағы Достастық мемлекеттері Басшылары кеңесінің шешімімен қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кеден заңнамалары негіздерінің , 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімнің және оған

өзгерістер мен толықтырулар туралы 1999 жылғы 2 сәуірдегі хаттаманың, 1994 жылғы 15 сәуірдегі Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімнің және 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып".

2. 3-баптың бесінші абзацындағы "Аталған" деген сөз "Осы Келісімнің 4-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда, аталған" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 7-баптың "б" тармағындағы "хабарлауды" деген сөз "хабарлауды тапсырады." деген сөздермен ауыстырылып, "в" тармағы алып тасталсын.

## 2-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Хаттама тиісті құжаттар депозитарийге тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

2019 жылғы 31 мамырда Ашғабад қаласында бір төлнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Үкіметі үшін	Республикасының	Ресей Федерациясының Үкіметі үшін
Армения Үкіметі үшін	Республикасының	Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін
Беларусь Үкіметі үшін	Республикасының	Түрікменстан Үкіметі үшін
Қазақстан Үкіметі үшін	Республикасының	Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін
Қырғыз Үкіметі	Республикасының	Үшін
Молдова Үкіметі үшін	Республикасының	Украина Үкіметі үшін